БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЕТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

апрель Сейсенбі | Шығуына 33 жыл жеке саны 20 тиын.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері! Барлық ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін бұдан былай да арттыра беруге, қоғамдық мал шаруашылығын мейлінше өркендете беруге жетісіңдер! Халық үшін азық-түлік және өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасайық!

*(БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы 1 Майға арнаған ұрандарынан).*

## ...ранын

...бұл мәселе жөнінен нақ-
...асамауында, көмек көр-
... отыр.

...ртия жұмысының күн-
...те білумен, нақты шұ-
... ететін бір мәселесі
...тен шығармау керек:
...мының басшылық ролін
..., алға қойылған қандай
...тің сөзсіз орындалуын
...і келсе, бастауыш пар-
...ың секретарьлары мен
... комитеттері коммунис-
...сте тәрбиелеп, шынық-
... партия жұмысына көп
...ициативаларын көтеріп
...ктері болса көрсетіп,
...сіп отырумен шын мә-
...ылдануға міндетті. Мұн-
...дің еңбекшілер арасын-
...рдтық роль атқаруына
...местігін тәжрибе көрсе-

..., бұқараның жетекшісі
...ммунистің өзіне де ті-
...ы. Коммунистің өзіне
... міндетті орындауға са-
...ауы, өзінің ғана жұ-
...геуі жеткіліксіз; ол бас-

# 1 Май құрметіндегі социалистік жарыс

☆ ☆ ☆

## Озат кәсіпорнында

Петропавлдың Октябрь революциясы атындағы былғары заводы—облыс өнеркәсібінің мақтанышы. Соңғы алты- жеті жылдың ішінде заводтың жұмысында айта қаларлықтай кемшіліктердің кездеспеуі, өндірістік жоспарлардың үнемі артық орындалуы осыны дәлелдейді.

Завод дирекциясы, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары нақтылы, большевикше басшылық жасап және жұмысшылар коллективінің өндірістік өрлеуін үнемі қолдай отырып, өндірістік барлық көрсеткіштер бойынша игі табыстарға қол жетуін қамтамасыз етіп келеді.

Алынған міндеттемені мүлтіксіз орындауға тиісті заң деп бағалайтын коллектив әр қашанда өз сөзіне берік. 1952 жылдың бірінші тоқсанында былғары өндірушілер жоспарды жалпы өнім шығару жөнінен 113,3 процент орындап, 150 мың сомнан аса мемлекет қаржысын үнемдесе, бұл табыстар қазір онан әрі ұлғайтылуда.

Өткен жыйырма бес күнңің жұмыс қорытындысынан коммунист Елагина жолдас басқарған цехтың алда келе жатқанын көреміз. Әрбір аптаның өндірістік жоспарын 106—107 процент орындай отырып, цех коллективі өнім сапасының үнемі мінсіз болуын қамтамасыз етіп ке-



Шағын двигательдер заводының жұмысшысы В. Роговнина жолдас Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, өндірістік тапсырманы күн сайын екі еседен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: **В. Роговнина** жолдас жұмыс үстінде.

## Шөп шабуға әзірлік

Ново- Георгиевка МТС-і мал азығын дайындауға колхоздарға үлкен көмек көрсетпек. 1951 жылы МТС жасасқан шартқа сәйкес колхоздарға шөп шауып беру жөніндегі жоспарды толық орындап шықса, МТС шөп шабу науқанын быйылғы жылы да ойдағыдай өткізіп, мал азығын мейлінше көп дайындамақ.

Осы мақсатпен МТС коллективі (директоры Штапаук жолдас) шөп шабуға әзірлікті осы бастан қолға алды. Барлық шөп машиналары жөндеуге берілді.

41 кең алымды шөп машинасынан 36 машина толық жөнделіп болды. Қалған шөп машиналары 1 Майға дейін түгел жөнделіп бітпек.

Мұның алдындағы жылдарда машинашы П. Сергеев жолдас «Красный Октябрь» колхозында өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасымен 1675 гектар жердің пішенін шапқан болатын. Ол өз шөп машинасын МТС-те бірінші болып жөндеп болды. Үлгілі машинашы үстіміздегі жылы 1700 гектар жердің пішенін шабуға міндеттеніп отыр. «Путь к коммунизму» колхозының машинашысы Громов жолдас та өз шөп машинасын жөндеуді толық аяқтады. Ол быйылғы

*Халықтық демократия елдерінде*

## Польшаның халық шаруашылығының өрлеуі

ВАРШАВА, 23 апрель. (СОТА). Газе-
терде 1952 жылдың бірінші тоқсанын-
халық шаруашылығы жоспарының орын-
далуы туралы экономикалық жоспарлар-
дың мемлекеттік комиссиясының хабар-
жарияланды.

Хабарға қарағанда, өнеркәсіптің соци-
листік секторы жалпы өнім шығаруды-
жоспарын өзгермейтін бағамен алған-
100,3 процент орындаған.

Өнеркәсіптің социалистік секторын-
жалпы өнімі өткен жылдың сол дәуірін-
дегімен салыстырғанда быйылғы жылд-
бірінші тоқсанында 19 проценттей ар-
ты.

1952 жылдың бірінші тоқсанында жо-
парды ойдағыдай орындаудың нәтижесі-
де 32 ірі өнеркәсіп құрылыстары жә-
басқалары пайдалануға берілді. Олардың
көбі пайдалануға мерзімінен бұрын та-
сырылды.

Экономикалық жоспарлардың мемлеке-
тік комиссиясының хабарында была-
делінген: көктемде егіс жұмыстары-
әзірлік быйылғы жылы анағұрлым ұйы-
дасқан түрде өтті. Бірақ, ауа райы қо-
лайсыз болғандықтан, егін салу өтке-
жылдағыдан кеш басталды.

# ...МЫСЫ

## ...ын әзірлеу және ...алы

...ң зор маңы-
...партия бюро-
...іне қойыла-
...ында тұрған
...ланыстырып
...ия ұйымы
Ковалевтің
...стағы сапа-
ұйымының
...айы, кадр-
...иелеу, шар-
бақылауын
...ықты пар-
...ң өмірінен
...аралды.
...лгілі мәсе-
даярлығы
..., коммуни-
...н жолдас-

...іқ партия
...кпен өтуін
жыйналысы
төзбеу, пар
...атаң сақтау

...ының пар-
талқылауы-
стахановтық
...те қойып,
...ың бұл қау-
...ктиві қызу
...де заводтың
стахановтық
...ді. Бұл—иі

...ңғы кезде
...бекке көшу
босаңдатып
...мыз керек.
қабылданған
...тыңғылықты
...еді.

Мекеме партия ұйымдары өздерінің назарын аппарат қызметкерлерін саяси жағынан тәрбиелеуге аударып, қағазбастылыққа, төрешілдікке қарсы аяусыз күрес жүргізіп, еңбекшілердің шағымдары мен арыздарын кезінде шешуге жетісулері қажет.

Партия жыйналыстарында тек қаулы алумен іс бітпейді. Қандай ғана қаулы болсын, оның орындалуын тексермесе, қағаз жүзінде қалуы ықтыймал. Сондықтан қабылданған қаулының орындалуын тексеру—табыс кілті екенін жете ескеру керек. Партия ұйымдарының секретарьлары партия жыйналыстарында қабылданған бұрынғы қаулылардың және жоғары партия және совет орындары директиваларының орындалу барысы жөнінде коммунистерге хабарлап отыруға тиіс.

Қала партия ұйымында әлі де болса партия жыйналысын әзірлеу және өткізу ісінде кемшіліктер жоқ емес. Бірсыпыра бастауыш ұйымдар, оның ішінде су шаруашылығы мекемесінің партия ұйымы партия жыйналысын деркезінде шақырмайды, жыйналыста ұйымның күнбе -күнгі өмірінен туған мәселелерді жиі талқыламайды. Бұл партия ұйымының жыйналыстарында тек жоғары партия орындарының ұсынған мәселелері ғана формальді түрде ғана қаралып келеді. Өйткені, бұл мәселелерді әзірлеуге коммунистер кеңінен қатыстырылмайды, жыйналыста сын мен өзара сын жеткіліксіз болады. Қабылданған қаулының орындалуы ұйымдастырылмайды. Совхоздар тресі, облыстық құрылыс мекемесі, базарлар басқармасы мекемесі партия ұйымдары жөнінде де осыны айтуға болады. Міне, сондықтан да аталған мекемелерде жұмыстың нашар болуы таңқаларлық емес.



* * *

ЛЕНИНГРАД. Б. Е. Веденеев атындағы Бүкілодақтық ғылми -зерттеу институты арналып жабдықталған модельдермен Каховка су торабындағы жұмыстың жайын зерттеуде.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) аға ғылми қызметкер **Н. Б. Исаченко** және аға инженер -гидротехник **Г. В. Колесова** жолдастардың модельмен зерттеу жүргізіп тұрған кезі.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

* * *

## Мемлекеттік заемдар бойынша шыққан ұтыстар иелеріне деркезінде табыс етілуде

Заем иелерінің қолындағы мемлекеттік заем облигацияларының сомасы жылдан -жылға арта түсіп отыр. Мұның өзі еңалдымен, елімізде коммунизм құру ісіне өздерінің еңбекпен тапқан қаржысымен де келелі үлес қосуды көздеген совет адамдарының отаншылдығының сипаттамасы. Мемлекеттік заемдардың халық арасында көп таралуына мемлекеттен жыл сайын халыққа төленіп отырылатын орасан зор ұтыс сомалары да үлкен әсер етуде. Мәселен, 1951 жылы облысымыз бойынша халыққа 7 миллион сом ұтыс төленді, ал, үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында облыс еңбекшілері 1 миллион 754 мың сом ұтыс алды. Бұл ұтыстардың ішінде 50 мың сомдық 3 ұтыс, 25 мың сомдық 4 ұтыс, 10 мың сомдық 12 және 5 мың сомдық 30 ұтыс бар. Ірі ұтыс алушылардың барлығы да Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облига- тексереді. Мұнымен бірге, орталық. қалалық және аудандық жыйнақ кассаларының барлығында әркімнің тілегі бойынша өз облигациясын өзі тексеріп алуы үшін ұтыс таблицаларының витриналары бар.

Сонымен бірге, облыстық жыйнақ кассалары басқармасы жанынан мемлекеттік заем облигацияларын облигациясыз тексеретін бюро ұйымдастырылды. Әрбір заем ұстаушы адам жыйнақ кассасынан арнаулы карточка сатып алып, оған өз облигацияларының сериясы, заемның атын, үй адресін жазып, ол карточканы облыстық жыйнақ кассалары басқармасына тапсырады, немесе почта арқылы жібереді. Бюро ұтыс таблицаларын алысымен сол карточка бойынша тексеріп, ұтыс шыққан реттерде ол карточканы иелеріне жібереді.

Бір сөзбен айтқанда, жыйнақ кассала... заемдар бойынша ұтыстарды деркезін-

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 27 апрель. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен барлық майдандарда бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, американ- ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізді, дұшпанды адам күші және техника жағынан шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

26 және 27 апрель күндері Халық армиясының зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар майдандар мен тылда дұшпанның 5 самолетін атып түсірді.

---

### АГЫЛШЫН ОККУПАЦИЯШЫЛ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ АВСТРИЯ ШАРУАЛАРЫНЫҢ ЖЕРІН ТАРТЫП АЛУДА

ВЕНА, 26 апрель. (СОТА). Жуырда соғыс мүдделері үшін ағылшын оккупацияшыл өкмет орындары Арнольштейнде бірнеше жер танаптарын күшпен тартып алды. Австрия баспасөз агенттігінің хабарына қарағанда, Каринтия шаруаларының делегациясы Каринфияның провинциялық үкмет басшысына келіп, өздерінің жерін тартып алғаны үшін наразылық білдірген.

Демократияшыл газеттер ағылшын өкмет орындарын Арнольштейндегі шаруалардың жер танаптарын жаңадан күшпен тартып алуы Батыс Астрияда соғыс әзірлігінің күшеюімен тікелей байланысты, деп атап көрсетеді.

---

### ТУНИСТЕ БІРІНШІ МАЙДЫ МЕРЕКЕЛЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ

ПАРИЖ, 26 апрель. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Францияның Тунистегі қарулы күштерінің қолбасшысы генерал Гарба мазмұндама жариялап, онда «Туниcте соғыс жағдайының енгізілуіне байланысты 1 Майға арналған жыйналыс, демонстрация және

